

Resume

This article examines the conceptual notion of the historical monument of old ages. In particular the author analyzes the Chinese sources of the literary monument of books about Bilge Kagan.

Özet

Bu makalede, eski çağların tarihsel anıt kavramsal kavramı inceler. Özellikle yazar Bilge Kağan hakkında kitap edebi anıtı Çin kaynaklarında inceliyor.

З.Е. Оразбекова

филология ғылымдарының кандидаты, PhD

Сүлеймен Демирел атындағы университет

Алматы/Қазақстан

Аудармадағы ұлттық болмыс және дәстүр сабақтастығы

Қазір қазақстандық даму процесінде үлкен зайырлы өзгерістер жүріп жатыр. Бүгінгіміз кешегіге еш ұқсамайды. Өндірісі дамыған, өркениеті биік елу елдің көшіне қосылу үшін зерттеушілердің айтуынша Қазақстан тұрақты даму рельсіне түсуі қажет. Жылма-жыл, ықпалды түрде экономикалық, экологиялық тұрақты дамымасақ, баяғыша бірде шұғыл шабуылға шығып, келесіде артқа сырғып қиын іркілістерді бастан кешіре берсек көштің соңында шаң жұтып қалғанымыз қалған. Мәселенің аса күрделі, адами экономикалық, таза экологиялық жағдайлармен ғана шешілмейді, ең әуелі адамға моралдік күш-жігер беретін, рухани көтеретін, пассионарлық отын өршітетін себеп-салдарлар, әдебиет пен өнердің бел алып дамығаны қажет. Адамның ғасырлар бойғы рухани, моралдық азығы болып келген әдебиеттің өркениеттің қай сатысына көтерілсек те қажеттілігі кемімейді. Керісінше, адамның қиналған, түнілген, қателескен, өмір жолын қайта қараған кезінде ұлы мәртебелі келіп тіршілік иесіне бағдаршам болады, алға жетелейді, рухының қайта тіріліп көктеп өнуін, жапырақ жаюына бірден-бір себепші болып дариды.

Дүниелік әдебиеттің бір бұтағы саналатын қазақтың ақын-жыраулық дәстүрі, айлап, жылдап жырласа таусылып бітпейтін эпостық сарындары, одан берідегі ғашықтық, батырлық жырлары, қазақ прозасының алғашқы нұсқалары ұлт бойындағы ар, адамгершілік ұстанымдарды арқау етіп халық санасына құюмен болды.

Біздің қазіргі әдебиетіміздің барлық табыстарын поэзия, драматургия жанрларындағы жетістіктерді есепке алмай, тек прозаның өркендеуімен түсіндіруге болмайтындығын да аңғара отырып, қазақ поэзиясының тарихы өте әріден басталады және дәстүрге бай дей тұрсақ та қазақ әдебиетінің халықаралық атағын роман шығарғанын жақсы түсінеміз. Алғашқы үлгілерін Міржақып Дулатов, Спандияр Көбеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров тудырған бұл жанр Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров қаламымен ұшталып, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин талантымен биікке көтерілсе, Ғ.Сланов, Х.Есенжанов, З.Шашкин, І.Есенберлин, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Б. Соқпақбаев, Р.Токтаров, Қ.Ысқақов, Ә.Тарази, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртазов, М.Мағауин, Ә.Сарай, Қ.Жұмаділов, Д.Досжанов, С.Сматаев, С.Жүнісов еңбектерімен кең өріске шықты. Қазақ прозасы Қытайдағы, Монғолиядағы қандас бауырларымыздың да қиын тағдырларын бейнелеп берді. Бұл ретте көп ғұмыры түрмеде өтсе

де қолынан қаламы түспеген Қажығұмар Шабданұлының қаһармандығын мадақтау керек екендігін де профессор Р.Нұрғалиев ағамыз әділ бағалап бергендігі белгілі. Қазақ прозасы бейбіт күндерде, соғыс кезінде, бір үйде, бір шаңырақта, бір ауылда, бір көшеде, бір қалада, тау арасында, өзен бойында, теңізде, шөлде, бір руда, бір жүзде, Қазақстанның әр атырабында, Қытайда, Монғолияда, Ресейде, Европа елдерінде, Шығыс елдерінде болып жатқан мәселелер мен өмір ағымында өтеді. Әрекет бір тәулікті, бір аптаны, бір айды, бір жылды, бірнеше жылды, бір ғұмырды, бірнеше ғасырды қамтуы мүмкін. Кейіпкерлер әр жастағы, әр буынның, қазақтан басқа да нәсілдердің өкілдері, түрлі мамандық иелері, түрлі әлеуметтік, таптық топтан шыққанын да түрлі прозалық шығармалар арқылы біліп жүрміз. Ұлтты танып-білу үшін ең әуелі оның әдебиетімен танысамыз. Әдебиет – ұлттық болмыстың айнасы, ұлттық ойлау жүйесінің барометрі. ХІХ ғасырдағы ағылшындарды тану үшін Чарльз Диккенс, Джон Голсуорси романдарын, француздарды егжей-тегжейлі түсіну үшін Оноре де Бальзак пен Гюстав Флоберді, ХХ ғасырдағы жапондарды тереңірек зерделеу үшін Ясунари Кабата, Юкио Мисиманы, орыс мінезін түкпірлеп түсіну үшін бертініректегі Михаил Шолохов, Леонид Леонов, Владимир Набоков шығармаларына, армянды түсіну үшін Грант Матевосянды, азербайжанды білу үшін Анарды, молдаванды зерделеу үшін Ион Друцэні оқытынымыз кәміл. Осындай игі істің жандануына аударманың айрықша қызмет атқарып келгені жұртшылыққа аян. Әлемде әр алуан тіл, әр алуан ұлт өмір сүріп отырған бүгінгі жағдайда аударма мәселесінің қажетті іске айналуы заңды. Қай халықтың тарихын тексеріп қарасақ та, ол өзінің мәдени, рухани байлығын, ғылыми-экономикалық өресін ең басты екі негізден алып, дамытып отырған. Бірі - өзінің ішкі мүмкіндіктері болса, екіншісі - өзге жұрттың мәдени-рухани байлығына иек арту. Аударма ісіне тер төккен айтулы ғұламалардың мұны – «халықтар достығының дәнекері» деп аялауында көп сыр бар. Шындығында, ел мен елді табыстырып, халық пен халықты жақындастыруда аударма өнерінің рөлі айырықша екені даусыз. Егер, біз бүгін дүние халықтарының бәріне ортақ неше алуан мәдени, әдеби, тарихи мұраларды көзінен тізіп санап, оқып шыға алатын дәрежеде болсақ, ол осы аударманың арқасы. О баста белгілі бір халықтың ғана мұрасы болған айтулы «Мың бір түн», «Шаһнама», «Игорь полкі туралы жыр», «Калила мен Димна» т.б. толып жатқан дана туындылар бүгінде қазақтың төл қазынасына айналды, бұл да аударманың арқасы. Қазір қазақ тілі аударма жұмысының жандануына сай көркем дүниелерді ғана емес, сонымен бірге әлемдік ақыл-ойдың асқан білімдарлары – философтардың да, әр алуан ғылыми толғаулардың да небір күрделі туындыларын жеткізе алатын әлеуетті құралға айналды. Ендеше, аударма қай заман, қай кезең болмасын қоғам өмірінің ілгері жылжи, дами түсуіне қалтқысыз қызмет етіп келді. Адамзат қауымы аман тұрғанда солай бола бермек. Аударма болғанда, адамзат қауымының алдымен назарға ілгені – халықтың рухани жан дүниесінің нәрленуіне айрықша әсері бар көркем дүниелер. Оны аударудың жолдары, принциптері, амал, тәсілдері әрдайым әңгімеге объект болып отырған. Кезеңіне, дәуіріне лайықты өрбіген пікірталасы – аударма ғылымы дейтін саланы қалыптастыра бастады. Дүние жүзі классикалық туындыларының орыс тіліне аударылуы бұл проблеманың ауқымын кеңейтті. Аударма процесінің жандануы тіларалық қатынас проблемасын да шешті деп ойлаймыз. Олай дейтініміз көптеген ұлттар тілінен, ең алдымен, орыс тілінен өз тіліне орыстың ұлы жазушылары туындыларын, сонымен бірге орыс тіліне аударылған әлемдік әдебиет қазынасын аудару арқылы өз халқының мәдени өресін көтеріп, рухани қазынасын молайтты. Сонымен бірге бұл халықтар бірінің шығармасын екіншісіне аудару арқылы да мәдени, рухани мұра алмасу процесін бастан кешірді, олардың жалпыхалықтық, бүкілодақтық, бүкіл әлемдік мәдениет деңгейіне көтерілуіне жол ашылды.

Әдетте, тіл айырмашылығына байланысты туындайтын кедергілер осындай әрекеттер нәтижесінде, яғни аудару, сөз жоқ, терезесі тең ұлттар мәдениетінің өрлей түсуіне себеп. Сөйтіп көркем аударма мәдени және тарихи жағынан да, саяси-идеялық жағынан да жалпы мемлекеттік маңызы бар іске айналды. Осы сөз болып отырған мәселелерді Қазақстан жағдайындағы фактілер де тәптіштей түседі. Рухани, мәдени өрлеудің асқан бір дәуірін бастан кешіріп отырған қазақ халқының өмірінде, әсіресе, соңғы жылдары аңызға ұласқан өзгеріс-өрістердің болғаны мәлім. Мәдениет, экономика, ғылым, техника тәрізді халқымыздың қарқынды қадамын танытарлық қандай бір саланы қарастырсақ та таңдай қағарлық тамаша табыстарды айта аламыз. Сол өзгеріс, өрлеулердің бір парасында аударма ісінің де ізі айқын сайрап жатады. Орыс тілінен саяси-көркем әдебиеттің сан түрін аудару арқылы қазақ халқының мәдени өресі биіктеп, саяси пайым-түсінігі, талғам-танымы күшейе түсті. Жаңа өмірдің жан-жақты жаңалығынан туындап, көлденең тартылған неше алуан ұғым, түсінік, пайымдары таңбалап дағдыланбаған қазақ тілі сияқты тілде термин жасау, жазу сызуды жолға қою, әдеби тілді қалыптастыру деген мәселелер аударма жұмысы арқылы шешім тауып жатты. Біз орыс тіліндегі кептеген ұғымдарды өз тіліміздің мүмкіндігіне орай жаңадан жасап алдық. Тілімізде жаңа сөз, жаңа термин, жаңа тіркес, тіпті жаңаша сөйлем құру дағдысы пайда болды. Бұл процесті ғылыми әдебиеттен де, көркем әдебиеттен де байқау қиын емес. Үлгілерін біз қазақ поэзиясында алдымен Абайдан табамыз. Ұлы ақын аударған Пушкин, Лермонтов, Крыловтардың ғибратты шығармаларының төл туындымыздай халқымыздың көкейіне қонып, зердесіне ұялауы; аударма өнерінің құдірет-күшін танытуы. Абай өзі қазақша сөйлеткісі келген шығарманың қан тамырын дәл басып, жүрек тынысын дәрігерше тындап, мүлтіксіз сезді М. Ю. Лермонтовтан аударған Гетенің «Қараңғы түнде тау қалғып» деген өлеңін алайық:

*«Горные вершины спят во тьме ночной;
Тихие долины полны свежей мглой;
Не пылит дорога,
Не дрожат листья...
Подожжди немного,
Отдохнешь и ты».*

Абайдың аудармашы ретіндегі сезімталдығына қайран қалмасқа болмайды. Орыс өлеңі арқылы неміс өлеңінің тіршілік-тынысын тап басуы қандай ғажап! Лермонтов: «Қараңғы түнде тау шындары ұйықтайды» десе, Абай «Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап» деп қазақшалайды. Сөйтіп, Гетенің өзіндегі «покоится» дегеніне бір табан жақындай түседі. Абай әуелі тауды қалғытады да, содан кейін барып, балбыратып ұйқыға батырады. Өлең оқыған адамды тыныштыққа бөлеп, маужыратқанғандай болады:

*«Қараңғы түнде тау қалғып, ұйқыға кетер балбырап,
Даланы жым-жырт делсал ғып,
Түн басады салбырап.
Шаң шығармас жолдағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыныштықарсың сендағы,
Сабыр қылсаң азырақ.»*

Қазіргі кезеңде аударманың көбейгені соншалықты, тек орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармалар тізімін атап шығудың өзі оңайға түспес еді. Бұл мәселе жеке бір библиографиялық көрсеткішке татитын салаға айналды. Аударма пайда болғалы ол жайында ғылыми ой-пікірдің де қанаттаса өрби түскені мәлім. Қай халықтың тарихын қарасаңыз да

аударма жайында жинақталған тәжірибе, тұрақтанған пайым-түсінік бар. Аударма практикасымен шұғылданған жұрт, оның ішкі сырына үңіліп, өзіне лайықты заңдылықтарын да ашып беруге тырысқан. Сондай жоба-жүйе бірден бірге ұласып, аударма проблемасының ереже-қағидасы жасалды. Ол осылай ғылыми пәнге айналды. Жалпы, мәдениет, әдебиет, тіл дегендеріңіз баспа жүйесінің дамуына тікелей қатысты. Бұл жағынан қазақ халқы төңкерістен бұрынғы жағдайына масаттана алмайды. Дегенмен "Түркістан уалаятының газеті" мен "Дала уалаятының газеті", "Қазақ" газеті, "Айқап" журналы тілге тиек. Аударма мәселесі жайындағы ой-пікірлер осы аталған газет-журналдарда там-тұмдап алғаш бой көрсеткен. Содан бері бұл мәселе күн тәртібінен түскен жоқ. Бұған әрдайым әр кезде әдебиет, мәдениет қайраткерлері араласып, пікір айтып келді. Алайда бұл өнер жайындағы пайымдаулар жан-жақты өрби алған жоқ. Сөз жоқ, Қазан төңкерісінен кейін бұрынғы Одақта өмір сүрген халықтардың өзара қарым-қатынасы, байланысы күшейгені мәлім. Мәдениеттің барлық саласында ілгері өрлеу кезеңі басталады. Міне, осындай қат-қабат тірлік қатарында аударма жұмысы қатар жүргізіліп, ол жайындағы ой-пікірлер, ізденістер өріс алды. Ғылыми әдебиетте аударма жайында алғашқылар қатарында пікір айтқан кісінің бірі - С. Сейфуллин. 1914 жылы "Айқап" журналында Верный шаһарында уездный начальник болып істеген И. Лиханов дегеннің қазақ өмірінен алып жазған "Манап" драмасы жарияланған еді. С. Сейфуллин сөзбе-сөз аударманы әділ сынаған. «Манап» драмасы жөнінде «Қазақшаға аударғанда, сөзбе-сөз аударыпты. Соның үшін сөздерінің тәртібі нағыз қазақша болып шықпаған» дейді. Аударма жайындағы пікірдің бастамасы деп отырғанымыз да осы себептен. Осыдан бергі жерде Е. Алдоңғаровтың (1926, 3 желтоқсан), Б. Кенжебаевтың (1925, 18-29 тамыз) мақалаларын атауға болады. Б. Кенжебаев Абайдың аудармашылығы жайында әңгімелесе, Е. Алдоңғаров Пушкиннің "Сараң сері" ("Скупой рыцарь"), "Тас мейман" ("Каменный гость") поэмаларының қазақшасы жайында сөз қозғайды. Қазақтың көркем аударма мәдениеті үшін үлкен бір белес болғалы тұрған бұл кезеңді дәл танып, осы істе сәл де болса жәрдемі тисін деген мақсатпен арнайы жазылған мақалаларында жазушы, ең алдымен аудармада түпнұсқаның сөз байлығын, ой тереңдігін, стиль ерекшеліктерін дәл беруді міндет санайды. М. Әуезов аударма теоретигі есебінде осы принципті өмір бойы қолдап өткен.

Аударма ғылымының зерттелу тарихында алпысыншы жылдарға дейін біз көбіне-көп, мәселенің бір жағын ғана (тек орыс тілінен қазақ тіліне, онда да тек көркем туындылардың ғана аудармасын) сез етіп келсек, енді мұның екінші бір мәнді саласын, яғни керісінше, *қазақ тілінен орыс тіліне* аударудың жайы қалай дегенге де баса назар аударыла бастады. Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің қазір дүние жүзінің көп елдеріне мәшһүр екеніне масаттанатын болсақ, ол тек осы екінші саланың дер кезінде қолға алынып, қалыпқа түсірілуінің нәтижесі деп білеміз. Яғни біз өз жазушыларымыздың айтулы дүниелерін әуелі орысшаға аудару арқылы әлемдік мәдениеттің қорына өз үлесімізді қоса бастадық. Бұл істе, әсіресе орыс жазушыларының, мәдени қайраткерлерінің рөлі айрықша болғанын ризалық сезіммен атап айтамыз. Әрине, өз аудармашы мамандарымыздың да бұл кезде жетіле бастағаны да мәлім.

Қазақ романдары бұрынғы Кеңес Одағы, Балтық бойы, славян, Европа халықтары, ағылшын, неміс, француз, қытай, үнді, монғол, жапон, вьетнам, түрік, хинди, испан, парсы сияқты көптеген тілдерге аударылған. М. Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы 50-ден астам шетел оқырмандарының қолына тисе, бүгінгі таңда Кітап палатасының жүргізген есебі бойынша - кітаптары 1 млн. 105 мың данадан аса тараған, Американың «Әдебиет және өнер адамдары» энциклопедиясының 2-ші томына, Қазақ Совет энциклопедиясының 4-ші томына енген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік, М. Әуезов атындағы Ұлттық сыйлықтардың

лауреаты, бүгінгі таңда шығармашылық қызметіне 55 жыл толып отырған Дүкенбай Досжанның шығармалары әлемнің 20 тіліне аударылды. «...Арыстанды-Қарабастың желі» атты әуелі қазақша кейіннен орысша, жапонша, немісше шыққан әңгімелер жинағының авторлық алғысөзінде біраз жәйттің астары мегзеулі. Шөл мен жел...құрғаған теңіз табаны... жылжыған құм....сексеуіл сияқты өмір үшін күн сайын күрескен қажырлы адамдар қаламгердің тақырып аясы мен шығармашылық ізденістерінен біршама хабар беретін секілді. Туған топырағына етене жақын жазушылар болады. Мысалға, таулы Алтайдың тоңтеріс мінезді адамдарын Оралхан Бөкеев прозасы арқылы танысақ, Арал маңының балықшыларын Әбдіжәмил Нұрпейісов қаламынсыз толық елестету қиын, Маңғыстаудың мігірсіз қиыр сахарасын Әбіш Кекілбаев қанық бояумен мөлдіретіп суреттесе, Дүкенбай Досжан шығармаларынан көне Қаратау мен Қызылқұм арасында жатқан түстік өңірінің, екінші сөзбен айтсақ – тарихи Тұран қонысының кеңқолтық, бейнетқор, қыш қалап, қала салған күн иісті қазақтарының өзіне тән мінезін, түстік кейіпкерлерін айна қатесіз танып аламыз. Кейіпкер сомдауынан, сөйлем құрылысынан сол шығарманың авторын жазбай-ақ білетін болсақ: ол – қаламгердің шын бақыты. Мұндай қаламгерді әдебиетте өз сөзі, өз тақырыбы бар деп мақтаныш тұтамыз; соның бірі – Дүкенбай Досжан...» - дейді Герольд Бельгер. Өмірі мен шығармашылығына көз жүгіртсек: 1992 жылы «Феникс» альманахында бас редактор орынбасары ретінде қызмет атқара отырып, Б.Майлин, А.Жұбанов, Ғ.Мүсірепов, Ә.Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, Н.Ғабдуллин, Д.Досжанов, С.Қирабаев, О.Сарсенбаев т.б. шығармаларын орыс тіліне, А.Геймен, Э.Кончак, Н.Ваккер т.б. неміс тілдеріне жатын жазушылар шығармаларын орыс тіліне аударған, сондықтан болар, еліміздің ең жоғары деген сыйлықтарына Бельгер өзінің адал еңбегі арқылы қолы жеткен, мысалы: 1984 жылы Қазақстан Жоғары Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған; 1984 жылы «Парасат» Орденінің иегері; 1987 жылғы Қазақстанның еңбек сіңірген Мәдениет қайраткері; 1992 жылы Президенттің «Бейбітшілік пен рухани татулық» сыйлығының Лауреаты; 2003 жылғы «Тарлан» сыйлығының иегері атала отырып, көптеген еңбектердің авторы: 1973- «Ауыл шетіндегі үй»; 1976 – «Даладағы шағалалар»; 1977 – «Алты асу»; 1988 – «Тас өткел» (қазақ, орыс, неміс тілдерінде); 1981 – «Ағалы інілер»; 1986 – «Үйлесім»; 1986 – «Үш әуен сарыны»; 1984 – «Гете и Абай» (орыс тілінде); 1981 – «Бауырластықтың жанды бейнесі»; 1982- «Созвучие»; 1985 – «Уақытпен бетпе-бет»; 1986 – «Мотивы трех стран»; 1986 – «Тұлғалар»; 1988 – «Гете және Абай» (неміс, орыс, қазақ тілдерінде); 1991 – «Родство»; 1995- «Земельные избранники»; 1996 - «Гете және Абай» (неміс, орыс, қазақ тілдерінде толықтырылған); 1998 – «Қазақ сөзі» («Казахское слово») т.б. сүбелі еңбектерін мақтанышпен атай аламыз және оның еңбектері - «Книголюб», «Нива», «Простор», «Казахстанская правда» секілді республикалық ірі-ірі баспаларда да жарық көріп, түрлі проблемалық мәселелермен бөлісіп жүр, әрі қазақ әдебиеттану ғылымына, оның ішінде аударма саласына тигізер пайдасы өз алдына бір бөлек дүние деуге әбден болады. Мәселен, «Қазақша ғылыми тілдің дамуындағы бағыттар» - деген мақаласы проблематикасымен де, ғылыми-тәжірибелік ұстанымдарымен де оқырман қауым алқасына келтірілгендігімен құнды. Онда қоғамның жаңа бағытта дамуы, Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекетке айналуы, ел өміріндегі, оның барлық саласындағы түбегейлі өзгерістер, қазақ тіліне мемлекеттік тіл дәрежесінің берілуі, мемлекеттік тілдің үкімет тарапынан қамқорлыққа алынуы, жаңарған қоғамның жаңалықтары қазақ тіліне тың міндеттер жүктеп отырғандығы сөз етілген.

Қазақша ғылым тілін қалыптастыруда ХІХ ғасырдың екінші жартысында шығып тұрған мерзімді баспасөздің орны ерекше. "Түркістан уәлаяты газетінің" (1870-1882), "Дала уәлаяты

газетінің" (1888-1902) беттерінде медицина, ветеринария, шаруашылық мәселелеріне арналған шағын мақалалар кездеседі. Бұлардың көпшілігі - орыс тілінен аударылған материалдар. XX ғасырдың басында қазақша ғылым тілін жасау осы жоғарыда келтірген дәстүрді жалғастырады. Ғылыми жетістіктерді түсіндіруде ана тіліміздің ішкі мүмкіншілігі барынша пайдаланылып, тілде жоқ ұғымдар көбінде суреттеме жолымен беріледі. XX ғасырдың бас кезінде кітап, баспасөз ісін өркендетуге ұлттық баспахананың жоқтығы үлкен кедергі болды. Қазақтың ақын-жазушылары өз шығармаларын бастыруда татар баспаханаларына кіріптар болды. Сондықтан татар тілі басқа түркі тілдеріне зор ықпалын тигізді. Қазақтың зиялы қауым өкілдері оқулықтарды, оқу құралдарын, ғылыми шығармаларды жалпыхалықтық әдеби тілде жазуға тырысты. Г.Бельгер осы мақаласының барысында: «...Ғылым-білімнің дамуымен байланысты тілде жаңа ұғымдар, оларды белгілейтін жаңа сөздер туып отыратыны белгілі. Ал, ғылымның белгілі бір саласында пайда болған жаңа сөздердің ғұмырының ұзақ не қысқа болуы сол ғылымдардың өмірде алатын орнына, практикалық мәніне байланысты екені де сөзсіз. Сондықтан қазақ әдеби тілі Қазан төңкерісінің алдындағы күйімен салыстырғанда, әрине, дамыды, байыды. Бірақ тіліміздің лексикасының толығу, нормалану процесі аяқталды деп айта алмаймыз. Бұл процесс әлі де жүріп жатыр...»- деп айта отырып, ғылымның әр түрлі саласына жататын терминдерді ұлт тілінде жасаудың, ұлт тілінің ғылым тіліне айналуының маңызын А. Байтұрсынов бастаған қазақ зиялылары дұрыс түсінгендігіне ерекше мән береді. А.Байтұрсыновтың терминжасамда дұрыс принцип ұстанғандығына оның "Тіл - құрал" оқулықтарында (1914, 1915, 1925) қолданған 310 лингвистикалық терминінің 118-і (38,5 %) қазіргі тіл білімінде сол күйінде жұмсалып жүргендігі, сондай-ақ Х. Досмұхамедов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Е. Омаров, С. Қожанұлы, Ж. Күдерин сияқты зиялыларымыздың оқулықтары мен оқу құралдары дәлел бола алады. Өз тілінде баламасы бола тұра, басқа тілден сөз алу тілдің сөзжасам жүйесінің дамуына кері әсер ететіні жайында белгілі терминолог Д. С. Лоттенің өте орынды айтылған мына төмендегі пікірін келтіруге болады: "...массовое заимствование, в свою очередь, может оказывать тормозящее действие на функционирование и развитие словообразовательных средств своего языка". 1949 жылдан шыға бастаған "Терминология сөздіктерін" құрастыруда да мынандай принциптер негізге алынды: халықаралық терминдер, советтік неологизмдер де орыс тіліндегі қалпында алынсын, халықаралық болып саналмайтын сөздер де орыс тіліндегі тұлғасымен (*купец, резерв, руда*, т. б.) қабылданды. Бұған 1935ж. Алматыда өткен Қазақстан мәдениет қызметкерлерінің съезінде қабылданған термин жасаудың принциптері де, сөзсіз, үлкен әсер етті. Оның үстіне 30-жылдардың орта тұсынан бастап түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне советизмдер мен интернационалдық сөздердің аударылмай сол күйінде алына бастауына Ресейдегі мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған түркі тілдерінің терминін жасау үшін қандай принциптерді негізге алу қажет деген орыс ғалымдарының мақалалары, айтылған ой-пікірлері, ұсыныстары әсерін, ықпалын тигізбей қоймады. Осылай кері ағым, ғылым тілін ұлтсыздандыру ағымы басталды. Содан болар, осыдан былай, әсіресе Ұлы Отан соғысы жылдары, тілімізге сөздерді аударып, балама іздемей-ақ, орыс тілінен дайын күйінде ала салу әдетке айналды. Осы принцип арқылы орыс сөздері 60-жылдарға дейін тілімізге шектен тыс еніп, лексикалық қорымыздың 60-70 %-ы осындай терминдерге толды. Бұл барлық басқа да түркі тілдерінің лексикасындағы ортақ құбылыс болды. Ғылым тілін ұлттың өз тілінде дамытудың маңызын дұрыс ұғынған А. Байтұрсынов бастаған мамандар 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргінге ұшырағаннан кейінгі кезеңді Ш. Біләлов "ғылым тіліндегі ұлттық тіректің шайқалу кезеңі" деп санады. Ал, оның: "Осылай басталған, ғылым тіліндегі ұлттық

тіректің шайқалу кезені, жаппай орыстану кезеңіне ұласты" — деген тұжырымы шындыққа жанасады.

Қазіргі уақытта, керісінше, шетелдік терминдерді жаппай аудару бағыты байқалады: *диафрагма - көкет, диета - емдәм, интервью/диалог - сұхбат, арбитр - төреші/араби, бартер - баспа-бас, брокер - делдал, гимн - әнұран, компетенция - құзырет, коэффициент - еселік, курс - бағам, прогноз - болжам, компенсация - өтем, патология - зорығу, анализ - сапасау/талдау. (финансы - қаржы, гипотеза - болжам, баланс - теңдестік, асцит - іш шемені, гарантия - кепілдік/кепілдеме, устав - жарғы, конвой - айдауыл, протокол - хаттама, конституция - негізгі заң, юридическое лицо - заңды тұлға/ұйым, экспертиза - сараптау, эйфория - масаттану/токмейілу, резюме - түйін, дизайн - әрлендіру/абат-тандыру/көркейту, легализация - ресмилендіру, т. б. Құлаққа алғаш тосын естілгенімен, кейіннен күнделікті тұрмыста қолданыла келе үйреншікті болып кеткен сөздерге сынып, мәтін, пайыз, тікұшақ, ұшақ, сүдігер (зябь), кешен, мердігерлік, тұғырнама, айқындама (позиция), гүлзарсияқты сөздер жатады. Кейде бұрыннан қолданылып жүрген, жалпы халыққа түсінікті де үйреншікті сөздерді жаппай аударуға салынып, құлаққа тосын жасанды сөздермен алмастыру орын алуда: редактор - мұхартыр, республика - жұмхұрият, стол - жозы, мавзолей - кесене (сағана), материал - жадығат, конспект - мұхтасар, волейбол - тоспадоп, блузка - нымша, юбка - белшалғы, белдемие, канализация - кәріс, капуста - орамкөк, картофель - ақтүйнек, души - себезгі, аграрий - шаруа, цитадель - работ, лаборатория - зертхана, клуб - сауықжай, климат - ықылым, конституция - низам, функция - уәзіпа, ресторан - сыйхана/мейрамхана, сервант - асадал, гардероб - адалбақан, газета - ұнқағаз, телефон - ұнсандық, хоккей - салма таяқ, музей - мұражай, спутник - итаршы, притча - тәмсіл, т. б. Соңғы жылдар ішінде қоғамымыздағы болып жатқан мәдени, саяси, әлеуметтік, ғылыми-техникалық жаңалықтарды белгілеу үшін соны атаулар - жеке сөздер мен сез тіркестері пайда болды: баз (пошлина), салық (налог), нарықтық экономика (рыночная экономика), жал (аренда), мәртебе (статус), кепіл, кепілдік (гарантия), үрдіс (тенденция), заңды жөне жеке тұлғалар (юридические и физические лица), сұхбат (интервью), делдал (маклер), т.б. Тіліміздегі қосымшаларарқылы көптеген жаңа қолданыстар жасалынды: байқаушы - наблюдатель, орауыш - катушка, отырыс - заседание, кепілдеме - рекомендация, түйіспе - контакт, орама - обмотка, өрлеу - отделка, айырғыш - разъединитель, ынталандыру - стимулирование; біріккен сөздерарқылы: жеделхат - телеграмма, әнұран - гимн, ғаламшар - планета, дәмқосар - приправа, сыйақы - премия, шағынаудан - микрорайон, тоқбасар - десерт т. б.; сөздердің тіркесуіарқылы: нарықтық экономика - рыночная экономика, кума толқын - бегущая волна, лездік жылдамдық, - мгновенная скорость, жантәсілім сатысы - терминальная стадия, валюта тұрлаулылығы - устойчивость валюты; сөздердің қосарлануы арқылы: тәлім-тәрбие - воспитание, арыз-шағымдар - жалобы, қуғын-сүргін - репрессия, іс-әрекет - акт, тамыр-таныстық, - протекционизм, т. б. "Ана тілі мүмкіншілігін пайдаланудың тағы бір жолы - калька тәсілі", -деп Ә. Қайдаровкөрсеткендей, кейінгі кезде калькалау тәсілі арқылы тілімізге енген сөздердің саны күннен-күнге өсуде; текше - куб, ішкі үйкеліс — внутреннее трение, аяқдоп - футбол, бөлшек сауда - розничная торговля, сезгіштік табалдырығы — порог чувствительности, кәдімгі сәуле - обыкновенный луч, т. б. Кейбір шетелдік терминдер суреттеме тәсілімен беріліп жүр: аффидевит - ант соңынан жазбаша дерек беру, диверсификация - әр түрлі, жан-жақты даму, комитент - басқа адамға тапсырма, реэмиграция - шетелге кеткендердің қайта оралуы, т. б. Кейде қазақша бір сөз бірнеше ұғымдарға атау болып жүргені де кездеседі: аферист/мошенник - алаяқ, құбыр - труба/трубопровод, тежеуіш - супрессор/тормоз, саралау - анализ, экспертиза, тоқбасар -*

десерт т. б. Кейінгі кезде көнерген сөздерге айналып, таяу уақытқа дейін елеусіз болып, қалтарыста қалып қойған сөз тұлғасы мерзімді баспасөз беттерінде қолданылып жүр: *зонд - сүңгі, барабан - дабыл, гвардия - сахаба, бассейн - науыз, гардероб - адалбақан, климат - ықылым, устав - жарғы, киллер - жендет*, т. б. Бұндай қайта жаңғырған сөздерге *мердігер, лайқат, амбебап, сірне, наубай, айлақ, сүдігер, сарбаз, мехнат, лұғат, тәржіме*, т. б. сөздер жатады. Қазіргі қазақ тілінде кездесетін дублет сөздердің көпшілігі жергілікті жерде айтылатын сөздер: *қонақ үй/мейманхана, қала/шаһар, төреші/қазы, поселок/кент, үлгі/зибрат, маңдай/пеиене, хабаршы/жаршы, атақты/ мәшһүр, ақын/шайыр*, т. б. Сәтті аудармалар да бар: *заказ - тапсырыс, заявка - сұраным, компромисс - ымыра, консенсус - бәтуа, символика - рәміз, консерватор - керітартпа, шантаж - бопса, спонсор - демеуші, тормоз - тежеуші, таможня - кеден, цитата - дәйексөз, хелпер - жәрдемші, фасций - шандыр, репатриант - оралман*, т. б.

Қазіргі уақыттағы терминжасамда мамандардың арасында бірнеше пікір орын алғаны белгілі. Бір топ ғалымдар - ана тіліміздің мүмкіндігін пайдалану керек, енді бірі мүмкін болғанынша бұрынғы терминдерді, жалпы шетелдік термин емес сөздерді де "естілуінше, айтылуынша жазу" керек, ал үшінші біреулері бұрыннан тілімізде қалыптасып қалған жалпыхалыққа түсінікті сөздерді сол қалпында қалдырған дұрыс деген пікірлер айтады. Бұл мәселе туралы Ө. Айтбаевтың: *"Тіл дамуында, термин жасам процесінде көрініс беріп отырған бұл әрекеттерді, негізінен, қуаттай отырып, интернационалдық терминдердің кез келгенін ретті-ретсіз аударуға әуестенушіліктің барлық уақытта бірдей тиімді бола бермейтіні ескерілу қажет. Әрине, ана тілімізден мағынасы дөп түсіп жатқан баламасы табылған жердің бәрінде бұл принципті ұстанып отыру лазым. Ал, халқымыздың тұрмыс - тіршілігінде, іс-әрекетінде, жазу-сызу дағдысында болмаған терминдік ұғымдарды сол бастанқы қалпында қабылдаған жөн"* - деген пікірі өте әділ айтылған деп есептейміз.

Осының бәрін жинақтап келгенде айтарымыз, аударманы ғылым ретінде қалыптасты десек те оның күн тәртібінде тұрған көптеген мәселелері әлі түбегейлі тексеріліп, ғылыми талдамасы әлі өз шыңына жетті дей алмаймыз. Ол үшін не істеу керек? Қазіргі уақытта елімізде қазақша ғылым тілін жасау, қазақ тілінің терминологиясын бір жүйеге түсіріп, термин жасауда ғылыми негізді принциптерді белгілеу ғалымдардың, билингвист мамандардың алдында тұрған кезек күттірмес мәселе екені сөзсіз. Еліміздегі ЖОО орындарының кейбіреулерінде ғана аудармашылар тобы құрылып, кадр даярлау ісімен шұғылданып жүрген әрекеттер бар, сол салаға баса назар аударылу қажет. Қазақ тіліне аударылған қыруар дүние ғылым сарабына түсуге тиіс. Халқымыздың тілдік, стильдік жүйесіне, рухани мәдениетіне өлшеусіз мол әсері бар бұл іс өз зерттеушілерін күтеді және еліміздегі «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасы аясында атқарылып жүрген іс-шаралар қатарында Мемлекеттік тілімізді халықаралық деңгейге көтеру мәселесі де өз орнын табады деген үміттеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. А., Ана тілі, 1993. 238-б.
2. Жалмаханов Ш. Ш. А. Байтұрсынұлы – қазақ лингвистикасы терминдерінің негізін салушы. Қарағанды: Болашақ - Баспа, 1997. 3-б.
3. Жургунов Т. Вопросы терминологии казахского языка //Большевик Казахстана. 1935. №6. С. 44-51.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. А., 1998.
5. Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілін қалыптастырудың өзекті мәселелері. А., Ғылым, 1996. 75-б.

6. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. А., 1993.
7. Әбдешұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея. А., Қазақ университеті, 2005. — 242 б.
8. Бисенғали З.К. Казахский роман начала XX века. А., Қазақ университеті, 2003. - 398
9. Тілепов Ж. Тарих және әдебиет (XIV - XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихынан). А., Жазушы, 2001. - 376 б.

Резюме

Данная статья рассматривает периоды формирования установления художественного перевода казахской литературы; проанализированы лингвистические аспекты переводоведения и тенденции их развития.

Resume

This article looks at the periods of the establishment of literary translation Kazakh literature analyzed linguistic aspects of translation and development trends.

Özet

Bu makalede, edebi çeviri Kazak edebiyatı kuruluş dönemlerinde bakar çeviri ve gelişme eğilimleri dilsel açıdan analiz edildi.

Ғ. Отарбаева

магистрант

Сүлеймен Демирел атындағы университет

Алматы/Қазақстан

Қазіргі қазақ ақындарының метаморфозаларды қолдануындағы гендерлік ерекшеліктері

Жалпы адамзат тарихында ақындық ерлерге тән қасиет, ерлерге тән өнер деп танылған. Тарихқа жүгінсек, ғасырлар бойы әйелдер мен қыздардың, негізінен, поэзияның объектісі болып келгеніне куә боламыз. Қазақ әдебиетінде әйелдердің түрлі себептермен XX ғасырдың ортасына таман ақындар ауылына кәсіби түрде бет бұрып, өз сөздерін айта бастағаны анық. Соғыстан бұрын - Мәриям Хакімжанова, соғыс жылдары - Зияш Қалауова, 60-шы жылдары Тұрсынхан Әбдірахманова, Фариза Оңғарсынова, Марфуга Айтхожина, Ақұштап Бактыгереева, Қанипа Бұғыбаева, 70-шы жылдары - Күләш Ахметова, Ханбибі Есенқараева, 80-жылдары Шәмшия Жұбатова, Гүлнәр Салықбаева, Баян Бекетова, 90-жылдары - Роза Қараева, Жанат Әскербекқызы, онан кейінгі ХХІ ғасыр тудырған жас ақындар - Назира Бердалы, Құралай Омар, Танакөз Толқынқызы, Анар Шамшадинова, Айгүл Сейілова... Әрине, біз атаған есімдер тек әйел ақындардың бір төбелі ғана.

Дәл ғылыми анықтаудан алыс жатса да, шетел әдебиетінде «Әйелдер прозасы» деген де анықтауыш бар. Орыста әйелдердің әдеби шығармашылығына байланысты «әйелдер әдебиеті», «әйелдер шығармашылығы», «әйелдер эстетикасы» деген түсініктер бұрыннан бар.

Әдебиеті дамыған елдердегі жоғарыдағыдай түсінік-пайымдар қазақ әдебиетіне де түйк іліктіріп келеді. Мәселен, бізге «Қыздар поэзиясы» деген түсінік дендеп енді деуге болады.

Поэзияны әйелдер поэзиясы, ерлер поэзиясы деп бөлуге болмайды деушілер де бар. Дей тұрғанмен, әйел мен ердің қоғамдағы статусы, атқаратын рөлі, психологиясы, сөйлеу тіліндегі ерекшеліктердің бәрін жынысқа бөліп қарайтынын ескерсек, поэзияда да әйелдер мен ерлерге тән ерекшеліктер айқын көрініс табады.